

«6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша Сабденова Багила Алтынбекқызының «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясына

ПІКІР

Орта білім беру, оның ішінде бастауыш білім беру қазақстандық сана-сезім мен мәдени сәйкестік негізінде Отан үшін жауапты болуға қабілетті зияткер және рухани-адамгершілік жағынан жоғары тұлға дамытуға бағытталған. Мектеп Қазақстан халықтарын біріктіретін жалпы ұлттық «Мәңгілік ел», «Қазақстан – ортақ үйіміз», «Қазақстан – менің Отаным» идеяларын жүзеге асыруға үлес қосады. Осы идеяларды ұстану оқушыларда Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруға, тіл, мәдениет пен салт-дәстүрлерді сақтауға және өз елінің жарқын, мейірімді азаматтары болуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезеңде бастауыш мектеп оқушыларының сауатты болуы олардың өз ой-пікірін ана тілінде еркін, дұрыс, түсінікті жеткізе білуден басталады. Сондықтан бастауыш мектеп оқушысы айтайын деген ойын дұрыс та нақты құрастырып, пікірлерін ана тілінде қатысым барысында орынды қолдану керек. Бұған мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетіліп жатыр. Атап айтқанда, «Қазақстан – 2050: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиялық маңызы жоғары құжатта: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек», - делінген. Сондықтан бастауыш мектепте қазақ тілін Қазақстан Республикасының мемлекеттік сұранысына орай оқытып, олардың қатысымдық құзыреттіліктерін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында: «Орта білім берудің жаңа қызметтік параметрлері ақпараттық оқытудан инновациялық оқыту әдістерін қолдануға көшуді қарастырады. Демек, оқушыларға оқуда да, болашақтағы еңбек барысында да бәсекелік артықшылықтарға мүмкіндік беретін фундаменталды білімді, принциптерді, құндылықтарды, әлеуметтік маңызы бар қабілеттерді, іс-әрекет түрлерін, қарым-қатынас тәсілдерін, мінез-құлық нормаларын меңгерту көзделеді», - делінген.

Бастауыш білім берудің негізгі міндеттері: адам, табиғат пен қоғам туралы пропедевтикалық білім қалыптастыру; рухани-адамгершілік

құндылықтарды дамыту; оқытудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын логикалық жағынан білдіру, себеп-салдар байланыстарын анықтау; дербес және ұжымдық жұмысты нәтижелі ұйымдастырудың негізі ретінде ақпаратты іздеу, талдау және түсіндіру дағдыларын жас мүмкіншіліктеріне қарай дамыту.

Осы орайда Сабденова Бағила Алтынбекқызының «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы ғылыми еңбегінің қажеттілігі күмән келтірмейді.

Білім беру мазмұнының жаңаруына сәйкес бастауыш сынып мұғаліміне қойылатын талаптар күшеюде. Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеттері: заманауи ақпараттық жағдайда оқушыларға білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы терең түсінігінің болуы, оны оқушының қажетіне қарай қолдануға үйрету, оның адам психикасына әсерін ұғыну, техникалық құралдар көмегімен коммуникацияның сөз жүзінде емес формасында адаммен қатысу тәсілдерін меңгерту.

Қазіргі кезеңде білім беруді ізгілендіру бағытының негізгі мақсаты – баланы тұлғалық дамыту. Бастауыш сынып оқушыларының алған тілдік білімі олардың тұлғалық дамуының негізін құрайтын әлеуметтенуіне мүмкіндік беруі керек. Осы тұрғыдан оқушылардың қарым-қатынасқа икемділігі мен қатысымдық құзыреттілігін дамыту өте маңызды.

Дыбыстық-бейнелік оқыту құралдары – бастауыш сынып оқушыларының оқу материалын белсенді түрде қабылдауға, дерексіз тілдік құбылыстарды нақты сезініп, түсінуге мүмкіндік береді. Осымен байланысты бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуда қазақ тілін оқыту үдерісінде *оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын* қолданудың маңызы ерекше. *Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары* білім беру үдерісінде оқу сапасын арттыру мақсатында естіп және көруге мүмкіндік беретін демонстрациялық құрылғылар.

Диссертант: *«Дыбыс-бейнелік құралдар ұтымды қолданылған уақытта мұғалімнің де, оқушының да жұмысын жеңілдетеді, оқу кеңістігі мен уақытын мақсат қоя ауыстыруға, өзгертуге мүмкіндік алады. Дыбыс-бейнелік құралдарды қолдану ақпаратты тасымалдау қарқындылығын арттырады, иллюстративті материалды айтарлықтай кеңейтеді, проблемалық жағдаяттар тудырады және оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастырады, оқытудың эмоционалды бояуын күшейтеді, оқу мотивациясын қалыптастырады, жекелендіреді, оқу үдерісін саралайды, сабақтан тыс және бос уақытын тиімді ұйымдастыруға да жол ашады. Дыбыс-бейнелік оқыту құралдары материалды меңгеріп, соңында оны есте сақтау үшін де елеулі ықпал етеді, материалдың логикалық тізбегін есте қалдыруға, өтілген материалдарды жүйелеуге көмектеседі. Олардың маңызды рөлі білімді қолдану кезеңінде де анық байқалады. Бұл мақсатта білік пен дағдыны қалыптастыруға бағытталған арнайы тренажерлар, компьютерлік бағдарламалар, статистикалық және дыбыстық құралдар қолданылады»-деп*

атап өтеді де, «...бүгінгі күні оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары нақты негіздемеге ие берік тұғырда тұр. Олардың оқу материалын игерудегі тиімділігі ғылыми дәлелденген, сондықтан мұғалімдер олар жайлы толық біліп, оны практикалық қолдану білігімен қарулануы тиіс», - деп тұжырымдайды (35, 39-б.).

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарда белгіленген тұжырымдарға сәйкес келеді.

Зерттеу жұмысы кіріспе, екі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Ізденуші жұмыстың бірінші бөлімін «Бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы дамытудың теориялық негіздері» деп атап, оның алғашқы тармағында бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың лингвистикалық негіздерін қарастырған. Келесі тармағында бастауыш сыныпта оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының маңызы мен міндеттерін, қолданудың дидактикалық аспектілерін талдап, тұжырым жасаған. Зерттеуші оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздерін көрсеткен. «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі» деп аталатын екінші бөлімде диссертант бастауыш сынып оқушыларының тілдік дағдыларын дамытудың мазмұндық-құрылымдық моделін ұсынған. Ізденуші эксперимент нәтижелерін анықтаушы, қалыптастырушы, қорытынды кезеңі деп бөлген. Көрсеткіштері кесте және диаграмма арқылы берілген. Оқыту тәжірибесінің нәтижелері – оқушының сауатты жаза білуінен, әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ойын білдіру үшін тілдік құралдарды дұрыс қолданып, талдай білуінен, сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) бір-бірімен тоғыстыра бірлікте игерулерінен көрініс тапқан.

Диссертациялық жұмыста оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарының түрлері жіктеліп көрсетілген (42-43-б.), сонымен қатар 2-сынып оқушыларының жазылым әрекетін қалыптастыру арқылы қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында сабақ үлгісі берілген. (58-61-б.). Зерттеу жұмысының авторы бастауыш сынып оқушысының қатысымдық дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынған. (88-б.).

Біздің ойымызша, зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқыту құралдары арқылы дамытуды зерттеудің әдіснамалық тұғырларын айқындап, оның құрылымдық-мазмұндық үлгісін жасау болғандықтан, диссертант бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік құралдар арқылы дамытудың моделін ұтымды белгілеген. Ізденушінің талдаулары негізінде ұсынылған моделі қазақ тілін оқытуда оқушылардың қатысымдық даярлығын дыбыс-бейнелік оқу құралдарының негізінде дамытудың әдістемелік жүйесін жүзеге асыруға мол мүмкіндік береді. Сонымен қатар зерттеуші тарапынан 1-сынып оқушылары үшін «Әліппе», 2-

сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәнінен мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулық әзірленген.

Зерттеу жұмысындағы ізденушінің жетістігі және басты жаңалық дәрежесі деп мыналарды атауға болады.

Диссертацияда тұжырымдалған сараптамалар қазақ тілін оқыту әдістемесіне қосылған өзіндік үлесімен орын алады. Оның жаңалық дәрежесі, біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің анықталуымен, бастауыш сыныпта оқытудың дыбыс-бейнелік құралдарын қолданудың дидактикалық аспектілерін айқындаудан көрінеді. Екіншіден, қазақ тілін оқыту үрдісінде оқушылардың қатысымдық дағдыларын дыбыс-бейнелік оқу құралдары арқылы дамытудың педагогикалық-психологиялық негіздерінің тұжырымдалуы. Үшіншіден, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы. Төртіншіден, оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамытудың тиімді әдістерін анықтап, тәжірибеде дәлелденуінен көрінеді.

Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда қатысымдық дағдыларын бейне-дыбыстық құралдарды қолдану арқылы дамытудың оқу-әдістемелік кешені оқушының функционалдық сауаттылығын арттырып, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға негіз болатын оқыту әдістемесін қажет етеді. Дыбыс-бейнелік құралдар арқылы оқыту технологиясы оқушылардың оқуға ынталарын арттырып, сөйлеу әрекетін қалыптастыруға, қатысымдық дағдыларын дамытуға және оқыту әдістерін оңтайлы жүзеге асыруға, оларды барынша түрлендіруге мүмкіндік береді.

Диссертант Б.Сабденова дыбыс-бейнелік оқыту құралдарын қолдану арқылы оқыту әдістерін түрлендіріп отырудың нәтижесінде тәжірибеде маңызды жетістіктерге қол жеткізген. Атап айтқанда:

- оқушылардың қатысымдық дағдылары оқу уәждемесінің тұрақтануына байланысты дамиды;
- оқу материалын оқушылар сапалы да саналы меңгереді;
- оқушы мен оқушы арасында, мұғалім мен оқушы арасындағы педагогикалық ынтымақтастық субъектілер арасында дамиды;
- оқу субъектілері оқу әрекетін өз бетінше басқарып, білімге ынта-ықыласы артады;
- дыбыс-бейнелік оқу құралдарын қолдануға негізделген оқу үдерісі бейне, дыбыстық оқу материалы бойынша әңгімелесуге, сұхбатқа, оқу жарыстары мен оқу пікірталастарына, оқу ойындарына, мультимедиялық бағдарламалармен жұмыс істеуге, оқу тренингтерін тиімді жүргізуге, үздіксіз критериалды бағалауға толық мүмкіндік береді;
- оқытуды ізгілендіру, тұлғалық-бағдарлық, әрекеттік, құзыреттілік ұстанымдары негізінде оқушыдан шығармашылық ойлауды, өз бетінше ой қорытындыларын жасайтын жасампаз тұлға етіп тәрбиелеуге, сөйлеу

әрекетінің (тыңдалым, жазылым, оқылым, айтылым) түрлері бойынша құзыреттілік деңгейде білімінің нығыз қалыптасуына негіз болады.

Қазіргі кезеңде бастауыш сыныптағы оқытуда оқушының тұлғалық қасиеттерінің бірі көшбасшылық қатысымдық дағдылардың қалыптасуымен тығыз байланысты.

Оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыру, қатысымдық дағдыларын дамыту мақсатында диссертант Б.Сабденова оқыту тәжірибесінде тиімді қолданылған «*Бізде көңілді*» атты авторлық вебсайт әзірледі. Сайттың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының сөз мәдениетін қалыптастыру, қатысымдық дағдыларын дамыту. Оның мазмұнында: балалардың оқуына арналған мәтіндер, аудиомәтіндер, өлеңдер мен әндер, суреттер, тестілер, ата-аналар үшін ақыл-кеңестер айдары, форум және конкурс-жарыстар айдары (эссе, сурет салу т.б. жарыстар) бар. Сайттағы ақпараттардың мазмұны: ертегілер, тек оқушыларға ғана емес, мұғалімдер (теориялық, практикалық материалдар кездеседі) мен ата-аналарға да арналады. Суреттер мен тестілер, сабақ үлгілері, пікір алмасу үшін Форум айдарлары бар.

Ізденуші Б.Сабденованың: «Дыбыс-бейнелік оқыту құралдары оқу пәнінің мазмұнын тереңірек түсінуге, оқушылардың белсенді іс-әрекетін ұйымдастыруға, оқу тәсілдерін түрлендіруге, оқушы іс-әрекетін бір түрден екінші оқу әрекетіне ауыстыруға, осылайша оқушылардың өтіліп отырған сұраққа назары мен қызығушылығын, туындаған қиындықты жеңуге ерік-күшін жұмсауға дайындығын дамытуға, сөйтіп оқушылардың қазақ тілінен қатысымдық құзыреттіліктерін дамытуға барынша ықпал етеді. Қорыта айтқанда, дыбыс-бейнелік оқыту құралдарының тиімділігі нақты оқу мақсатына, міндеттеріне, оқу материалының, мұғалім мен оқушының еңбегін ұйымдастыру формалары мен әдістеріне, ерекшеліктеріне, материалды-техникалық жағдайлар мен мүмкіндіктеріне сәйкес анықталады», - деген пікірі өте құптарлық.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы диссертациялық зерттеу жұмысының барысында алынған теориялық және практикалық нәтижелердің тығыз бірлікте болуымен, ғылыми зерттеудің тағылымдық, тәжірибелік кезеңдерінің өзара сабақтастығымен, жүйелілігімен, ғылыми-әдістемелік тәсілдерді ұтымды қолданумен, ғылыми аппараттың ауқымдылығымен, әр тараудың мазмұнының жинақы жазылуымен анықталады. Әр тараудағы ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтырып, нәтижесінде оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту әдістемесі тиянақталған. Алынған нәтижелер диссертацияның мақсаты мен міндеттерінен туындайды. Ізденушінің зерттеу еңбекте қол жеткізген нәтижелері теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да маңызды. Диссертациялық жұмыс ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талаптарға сай орындалған деп есептейміз.

Сабденова Бағила Алтынбекқызының «Оқытудың дыбыс-бейнелік құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының қатысымдық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы диссертация жұмысының мазмұны ғылыми жаңалығына сай, дайындау көлемі, ғылыми-әдістемелік маңызы өз

мәнінде көрініс тапқан зерттеу жұмысы деп санаймын. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» белгілеген талаптарына толық сәйкес келеді және диссертацияны қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор



А.А. Сатбекова